

"Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы №14-14 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 38-15 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 2709 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 26 қыркүйектегі № 38-13 шешімімен

Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 26.09.2019 № 38-13 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабы 1 тармағының 4-2) тармақшасына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларын бекіту туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 14-14 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2013 жылдың 8 қазандағы № 2023 болып тіркелген, "Ақ жол" газетінде 2013 жылғы 17 қазанындағы № 132 (17820) нөмерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

осы шешімге қоса беріліп отырған Жамбыл облысының қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру Қағидаларындағы:

"Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын ағымдағы санитарлық күтіп ұстау және тазалау, залалсыздандыру және (немесе) көму орындары бар қоқыс шығаруға мамандандырылған кәсіпорындар арқылы жүзеге асырылады және келесі шаралар жүргізілуі қамтамасыз етілуін көздейді" 68 тармағында "кәсіпорындар" деген сөз "жеке және заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"көгал алаңдарға, гүлзарларға, егілген жас ағаштарға лас және тұз араласқан қарды, сонымен қатар мұз үйінділерін роторлық лақтыруға және орынын

ауыстыруға" 81 тармағының 3) тармақшасындағы "және тұз араласқан" деген сөздер алынып тасталсын.

"Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік" 20 бөлімнің 193 тармағында "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексімен" деген сөздер "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың өнеркәсіп салаларын, құрылысты, энергетиканы, көлікті, байланыс пен кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы
С. Қалманбетов*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Б.
Қарашолақов*